

ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕР

«АЭҮК» АҚ Астана қаласы мен Ақмола облысының сегіз оқу орны өкілдерімен Жас мамандарды қолдау бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік серіктестік туралы келісім орнатты. Серіктестік ЖОО-дағы оқуды өндірістегі тәжірибелік машықтарды иеленумен үйлестіруге мүмкіндік беретін дуальді білім беруге негізделді.

Білім берудің дуальді жүйесін енгізу мен кәсіптік-техникалық білім беруді тарату Қазақстандағы өзекті тақырыптар болып табылады. Осыған байланысты «Орта-Азия Электр энергетикалық Корпорациясы» АҚ тарапынан Астана қаласы мен Ақмола облыстарындағы «АЭҮК» АҚ, Солтүстік Қазақстан облысындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және Павлодар облысындағы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ секілді еншілес кәсіпорындар базасында Жас мамандарды қолдау жүйесі бойынша бағдарламасына бастамашылық етілді.

«АЭҮК» АҚ бағдарламасы энергетикалық салада талап етілетін бейінді мамандықтарда білім алып жатқан студенттерге қатысты таралады. Келісім жасасу рәсімінде «АЭҮК» АҚ Бас директоры Мукан Зулеев атап өткендей, жоба кәсіпорында қызмет ететін жас мамандармен қатар, оқу орындары түлектерін де қолдауға бағытталған. Бағдарламаның көмегімен компания білім алу сатысындағы білікті кадрларды жасақтау мүмкіндігіне ие болады, ал студенттер болашақтағы сәтті мансабын қамтамасыз ете алады.

«Холдинг кәсіпорындары жас мамандар ағынын қажет етеді. «ОАЭК» АҚ 2009 жылдан бастап пайдалануға жаңа жоғары технологиялы жабдықтар еніп жатқан уақытта жаңғыртудың инвестициялық бағдарламасын іске асыруда. Корпорация қарқынды дамып, білікті мамандарды тартуды қажет етіп отыр», - деп «ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару департаменті директоры – басқарушы директор Наталья Константинова баяндады. Өз сөзінде жасасқан келісімдер шеңберінде «АЭҮК» АҚ-ның оқу процесіне белсенді түрде араласып, оқу бағдарламасын өндірістік қажеттіліктерге байланысты түзетіп отыратындығын атап өтті. Аталмыш кешенді амал кәсіптік-техникалық білім беру популяризациясының жоғарылауы тақырыбымен үндеседі. Бағдарлама жұмысшы мамандықтар беделін арттырып, Қазақстандағы кәсіптік-техникалық білім беруге ерекше бедел үстеуге мүмкіндік береді.